**«Күншуақ» балалар бақшасы ЖШС**

**Педагогикалық кеңес**

**Хаттама № 1**

Арыс қаласы 29.08.2017жыл

Қатысқандар: педагогтар, медбике, шаруашылық меңгерушісі

**Күн тәртібінде:**

**Тақырыбы: «Оқу іс-әрекетінің бағдарламаларын меңгеру»**

1.Арыс қаласы «Білім бөлімінің» 11.09.2017жылғы № Жа2124 хатына сәйкес «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2017-2018 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқауымен таныстыру
2.Жаңа оқу жылының міндеттемелерімен танысу,бекіту
3.Жазғы сауықтыру мезгілінің қорытындысы.
4.Балалардың сөздік қорын дамытуға бағытталған жұмыстарды өткізу жолдары.
5.Ізденіс-шығармашылық жұмыстарынан көрме: «Дана сөзі-өнер көзі»

**Тыңдалды:**

Бұл мәселелер бойынша жаз кезіндегі атқарылған жұмыстар бойынша әдіскер Л.Кунходжаеваның есебі тыңдалды.Жоспар бойынша барлық іс шаралар толық орындалғандығын және балалар мен ата-аналар да белсене араласып көптеген жұмыстар атқарылғандығын айтып өтті.Тәрбиешілер ата-аналардың көмегімен қолөнерлер жасап, балалардың күнделікті оқу қызметіне пайдаланып отырғандығын айтты.
Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева Арыс қалалық «Білім бөлімінің» жаңа оқу жылының басталуына байланысты хатымен таныстырды.Сонымен бірге 2017-2018 оқу жылы бойынша қызметкерлердің міндеттемелерімен таныстырып өтті. Лауазымдық міндеттерді бекітті. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым №391 бұйрығына 1-қосымша; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша – 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстырып өтті.Жаңа оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі осы үлгілік жоспар бойынша

жасалып, бекітілгенін ескертті.Оқу қызметінің кестесі, анықтамалар, яғни оқу жүктемесі, күн тәртібі т.б. құжаттар бекітіліп таратылды Биылғы оқу жылының өзекті тақырыбы **«Бала денсаулығын нығайта отырып, білім беру салалары арқылы баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау»**. Соған сәйкес оқу жылының міндеттемелерімен таныстырды:
Салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру арқылы баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту.
Қимыл-қозғалыс белсендiлігін арттыру арқылы балалардың денсаулығын нығайту жұмыстарының тиімділін арттыру.
Тәрбиешілердің балалардың отбасымен, мектеппен, қоғаммен өзара қарым-қатынасын жандандыру, ата-аналардың құзіреттілігін көтеруге жеткілікті көмек көрсету жағдайын жасау
Білім беру салалары және жаңа технология арқылы баланың бойындағы эстетикалық сезімін және көркемдік, музыкалық оқу қызметінде шығармашылық қабілетін дамыту
Материалдық-техникалық базаны нығайту.
Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мен балалар арасында өткізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырылды.
«Ең үздік топ байқауының қорытындысы бойынша әдіскер топтардың үздік деген деңгейге жетпегендігін, әлі атқарар жұмыстың көп екендігін, алдағы уақытта қолдан жасалған көрнекіліктер мен картотекаларды көбейтіп, оларды күнделікті оқу қызметінде пайдаланып отыру керектігін айтып өтті.
Психолог Құлман Г. Тәрбиешілермен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты тренинг өткізді.
Осы мәселелер бойынша сөз алған тәрбиешілер Балғабаева С. мен Шорабекова З: Жазда балалармен атқарылған жұмыстарға барынша ата-аналарды араластырып отырдық. Әсіресе «Анам,әкем және мен» сайысына өте жақсы қатысты. Сурет салу байқауы, жапсыру жұмыстарына белсене араласты.
Алдағы уақытта топтың материалдық базасын нығайтуға барынша ат салысатындықтарын айтты.
Педагог қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету мақсатында осындай тренингтердің жиі өтіп тұруына өтініш жасады.

**Шешім етеді:**

1.Жазғы сауықтыру мезгілінің қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Әр топ оқу қызметіне қажетті қолдан жасалған көрнекіліктермен толықтырылсын.
3.Тәрбиеленушінің денсаулығын нығайтып, олардың қабілетті тұлға болып қалыптасуы үшін оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру; ертегілерді кейінкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-

тәсілдерді қолданып, бар мүмкіндікті пайдалану, әрбір педагог қызметкерлерден талап етілсін.
4. Ата-аналарды балаларының балабақша өмірінің тәрбиесіне белсене қатыстыру; отбасы мен балабақша арасында ынтымақтастық орнату одан әрі жандандырылсын.
5..Күннің екінші жартысында мазмұнды –рөлді ойын ойнату арқылы балаларды ұжымдық және шығармашылық іс-әрекетке біріктіру және бағдарлау жұмыстары жандандырылсын.
6. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.
7.Тәрбиешілер арасында психологиялық тренингтер жиі өткізілсін.

Кеңес төрайымы: К.Кунходжаева

Хатшысы: З.Шорабекова

**«Күншуақ» балалар бақшасы ЖШС**

**Педагогикалық кеңес**

**Хаттама № 2**

Арыс қаласы 06.11.2017жыл

Қатысқандар: педагогтар, медбике, шаруашылық меңгерушісі

**Күн тәртібінде**:

**Тақырыбы:** «Коммуникация» білім беру саласы бойынша баланың тіл мәдениетін дамыта отырып, отансүйгіштікке, рухани адамгершілікке тәрбиелеу

1. № 1 Педагогикалық кеңестің орындалғаны туралы шешім
2. «Коммуникация» білім беру саласы.Балалардың тілдік мәдениетін дамытуды оқу іс-әрекеттерінің нәтижесі бойынша сараптау
3. «Балалардың театр ойындары арқылы тілін дамыту»- Шорабекова З.
4.«Мен –үйде,мен-жұмыста» жаттығу- психолог Құлман Г.
6.«Рухани жаңғыру» - көрме
7.Педкеңестің шешімдерін қабылдау

**Тыңдалды:**

Бұл мәселелер бойынша балалар бақшасының меңгерушісі К.Кунходжаева өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша айтып өтті. Тәрбиешілер балалармен ойналатын дидактикалық, қимылды, сюжетті-ролдік, т.б.ойындар, сергіту жаттығулары мен таңғы жаттығулар бойынша картотекалар жасалды. Балаларға іс шараларға киетін костюмдер тігілгендігі туралы айтылды.
Балалардың тілін дамытудағы мақсаттар:
Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.
Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:
Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
Баланың сөздік қорын молайту;
Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді. Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.
6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Міне, осындай жұмыстарға байланысты балалармен тәрбиешілердің атқарып жатқан жұмыстарына сараптама жүргізілді.Ортаңғы топ тәрбиешілерінің жұмыстарын сараптау нәтижесінде олардың жұмыстарында біршама кемшілік тұстары байқалды. Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтағанмен сол баламен жеке жұмыстары аз. Оқу қызметінде сахна ойындарын пайдалану кезінде қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылу керек, әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату қажет.Осы жағынан тәрбиешінің тәжірибесі жеткіліксіз.

Тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды көптеп айтқызып үйретуге болады. Тәрбиешілердің осы бағыттағы жұмыстарына көңіл толмағандығын айтты.Сондықтан тәрбиеші көп ізденіп жұмыстарын жандандыруға тиісті екендіктері туралы ескертті.
«Мен – үйде» және «Мен – жұмыста» жаттығуы
Қазір сіздер парақты екі бағанға бөліңіздер. Бірінші бағанаға «Мен үйде» деп, ал екінші бағанаға «Мен жұмыста» деп жазыңыздар. Осы екі бағананы сол жердегі мінез-құлықтарыңыз бен жүріс -тұрыстарыңызды жазыңыздар.
*Талқылау:*
1. Осы жағдайлардағы мінез-құлықтарыңыз бен жүріс-тұрыстарыңыздың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы қорытынды жасаңыз.
2. Қай бағананы толтырған оңайға сокты? Қай бағана көптеу болды?
3. Не себепті айырмашылықтар болады?
4. Бұл бағанадағы жағдайлар сәйкес келу керек пе? Неге?
«Рухани жаңғыруға» байланысты жасалған көрме қорытындысы айтылды. Осы мәселелер бойынша сөз алған педагог-психолог

**Шешім қабылданды:**

1. Ортаңғы топ тәрбиешілеріне «Коммуникация» білім беру саласы бойынша атқарған жұмыстарындағы аталған кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмау және өз білімдерін көтеріп, жан-жақты іздену жұмыстары жандандырылсын.

2. Ұйымдастырылған оқу қызметінің драма саласы бойынша балалардың тілін дамыту мақсатында сахналық қойылымдарға көптеп араластыру қолға алынсын.

3. Тәрбиешілерге әр түрлі конкурстарға қатысу (аудандық, облыстық, Республикалық), газет, журналдарға мақала жариялап, педагог портфолиосын дайындап, тақырып бойынша өзін-өзі дамыту.

4. «Рухани жаңғыруға» байланысты оқу қызметтері ұйымдастырылып, жасалған көрме бойынша балалар таныстырылсын.

Кеңес төрайымы: К.Кунходжаева
Хатшысы: З.Шорабекова

**Педагогикалық кеңес**

**Хаттама № 3**

**Арыс қаласы** **08.01.2018жыл**

**«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары»**

**Мақсаты:** педагогтардың қабілетін, қызығушылығын, ынта-жігерін, қарым-қатынастарын жақсарту; өзара қарым-қатынас қабілеттерін дамыту; кәсіптік бағдар таңдау бойынша психологиялық қолдау көрсету; кәсіби сана шеңберін кеңейту, кәсіби іс-әрекеті барысында пайда болатын қиындықтарды шешу дағдыларын дамыту.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, психолог, музыка жетекшісі, медбике,

***Жоспары:***

1. Қуаныш шеңбері «Жағымды сөздер». Құлман Г. - педагог-психолог

2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары». Кунходжаева Л. - әдіскер

3.«Тәрбиеші және оның іс әрекеті. Тәрбиеші - ол кім?» Балғабаева С. - тәрбиеші

4.Практикалық бөлім. Кунходжаева Л. - әдіскер

- «Автопортрет» көрмесі.
- «Сіздің ойыңыз қайда бағытталған?» суретті тест.
- «Құпия дос» ойыны.
- «Құнды қасиеттерді жинау» жаттығуы.
- «Оның есесіне мен...» жаттығуы.
- «Ең-ең...» ойыны.

4. Қорытынды рефлексия. Құлман Г. - педагог - психолог

**Барысы:**

**1. Қуаныш шеңбері «Жағымды сөздер».**

**Мақсаты:** педагогтардың өзін-өзі одан әрі ашу, өзін-өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Жүргізуші

жағымды сөздер айта отырып, кез келген біреуге доп лақтырады. Допты алған ойыншы шеңбердегі қатысушылардың кез-келгенін таңдайды да, оған өзінің жағымды сөзін айтады, ойын жалғаса береді. Жағымды сөздер қысқа, бір сөзден тұрса болады.

2.«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін жетілдірудің басым бағыттары». Бұл аталған тақырыпқа байланысты балабақша әдіскері кіріспе сөз алып баяндама жасады.

3.«Тәрбиеші және оның іс әрекеті. Тәрбиеші - ол кім?» тақырыбына тәрбиеші Балғабаева С. тәрбиешінің негізгі міндеттері, тәрбиешінің негізгі қызметтері, тәрбиешінің кәсіби сапалары, тәрбиешінің адамгершілік сапалары, тәрбиешінің білім жүйесінің мазмұны, тәрбиешінің іскерлігі мен дағдылары, қабілетінің қасиеті туралы баяндама жасады.

Одан кейін әдіскер практикалық бөлімді жүргізді.

**Практикалық бөлім.**

**«Автопортрет» көрмесі.**

**«Сіздің ойыңыз қайда бағытталған?» суретті тест.**

Суретті тесттер - өзіңді білу мүмкіндігі ғана емес, қандайда бір жаңалық, уақытты қызықты өткізу, жақсы демалудың бір түрі, теріс күйзелістен арылудың жолы болып табылады. Сіздің алдыңызда тіктөртбұрыш, ортасы дөңгелекше диагоналдармен бөлінген.

**Тапсырма:** сіз құстың суретін салуыңыз керек. Оны қай жерге салатыныңызды өзіңіз қалайсыз.

**Кілті:**

1. Егер сіз құсты ортасындағы шеңбердің ішіне салсаңыз: онда сіздің ойларыңыз өзіңізге және өзіңіздің армандарыңыз бен қажеттілігіңізге бағытталған. Сізге керегі өзіңізді қуантатын және пайдасы тиетін істер. Өзгелердің ісімен керегі сізді қызықтырмайды.

2. Егер сіз құсты сол жақтағы (1-4) секторға салсаңыз, онда сіздің жауапкершілігіңіз және тәрбиелігіңіз жоғары екенін, жақын адамдарыңыз үшін жанып-күйетініңізді, достарыңызды жолда қалдырмайтыныңызды көрсетеді. Сіз ескеретін жағдай: өзіңіздің болашағыңызды ойламайсыз, өткен өміріңізге кісенделіп қалғансыз.

3. Егер сіз құсты жоғары секторға салсаңыз (1-2), онда сіздің ойларыңыз биікке және ұзаққа, түрлі-түсті армандарға бағытталған. Сізді жердегі істер қызықтырмайды, сізді барлық аспан әлемі қызықтырады.

4. Егер сіз құсты оң жақтағы секторға салсаңыз (2-3), сіз өз болашағыңызды ойлайсыз және қолдан келгеннің бәрін жасайсыз.

5. Егер сіз құсты төменгі секторға салсаңыз (3-4), онда сіздің барлық ойларыңыз шынайы, жердегі іс-әрекеттерге бағытталған. Сізді қолмен ұстап,

дәмін татып, түс-түрін ашып көрмеген заттар қызықтырмайды. Сіз жерде нық тұрсыз.

6. Егер, сіз құсты шеңбер жасай отырып денесін осы барлық сектордың ішіне салсаңыз, онда сіз ертеңгі күніңізді ойлайсыз, өткеніңізді де ұмытпайсыз.

**«Құпия дос» ойыны.**

Әрбір қатысушыға 5 бланкілі ашық хат (открытка) ұсынылады. Әрбір қатысушы 5 ойыншыға мінездеме жазулары керек. Ашық хатты әдемілеп безендіреді. Хат кімге арналғандығын жазады. Кімнен екені жазылмайды, құпия болып қалады. Ашық хат пошта жәшігіне салынады. Пошташы жәшікті ашып, хатты хат иелеріне тапсырады.

**«Құнды қасиеттерді жинау» жаттығуы.**

Ең алдымен жүргізуші бастайды. Жүрекшені алып, «Мен сізге жүрекшені беремін, себебі сіз ... қайырымды адамсыз». Әр қатысушы жүрекшені алып, жалғастырады. Сөйтіп барлық қатысушы өз ойын айтып шығуы керек.

**«Оның есесіне мен...» жаттығуы.**

Барлық қатысушыларға аяқталмаған сөйлемдері бар карточкалар таратылады. Сөйлемдерді әр қатысушы өз ойымен аяқтайды.

-Мен бәліш пісіре алмаймын, оның есесіне ..... .
-Мен шаршадым, оның есесіне ...... .
-Мен жақсы билей алмаймын, оның есесіне .... .
-Мен көп үндемейтін адаммын, оның есесіне .... .
-Мен көп ұйықтаймын, бірақ оның есесіне .... .
-Мен жұрттың бәріне құрметті бола алмаймын, оның есесіне ... .
-Мен еден жууды ұнатпаймын, оның есесіне ... .
-Мен Үндістанда болған жоқпын, оның есесіне .... .
-Мен пәлендей батыл емеспін, оның есесіне ..... .
-Мен өзім туралы көп ойламаймын, оның есесіне...... .
-Мен тез ашуланғыш адаммын, оның есесіне..... .
-Мен соншалықты сымбатты емеспін, оның есесіне .... .
-Мен тым толықпын, оның есесіне.... .
-Менің аяқтарым ұзын емес, оның есесіне ... .
-Менің кемшіліктерім көп, оның есесіне ... .
-Менің жазуым әдемі емес, оның есесіне ..... .

**«Ең-ең...» (ойын)**

Әр топқа парақшалар таратылады. Ол парақшаларда келесі жазулар болады :

1.ең жақсы мамандық;
2.ең ақшалы мамандық;
3.ең таза мамандық;
4.ең көңілді мамандық;
5.ең тәтті мамандық;
6.ең жауапты.

2-3 минуттың ішінде топтың ішінде ақылдасып, мамандықтардың тізімін құру керек және де топтың мүшесі тізімдерімен таныстырып шығады.

**Тест: "Суреттен нені байқадыңыз?"**

**Жоғарыдағы суретке қарағанда ең бірінші қандай бейнені байқадыңыз?**
**Адамың басы** - сіздің есте сақтау қабілетіңіз өте жақсы. Бұл өмірде өзіңізге қажетті мәліметтердің барлығын есте сақтай аласыз. Жақсы мен жаман адамдарды тез ажыратып, сізге деген көзқарасының қандай екендігін бірден анықтау қабілетіңіз бар.
**Үй** - үй шаруасын, тыныштықты, жылы қарым-қатынасты, махаббат пен мейірімділікті, ас дайындауды жақсы көретін сезімтал жансыз. Үйіңізге қонақ шақырып, дастарханды түрліше етіп безендіргенді жақсы көресіз. Достарыңызбен жиналғанда әңгіме-дүкен құруда алдыңызға жан салмайсыз.
**Суретші** - сіз шығармашылықтың адамысыз, ойыңызға келген қиялдарыңыздың барлығын жандандыра аласыз. Сіздің ең басты құралыңыз - ұшқыр қиялыңыз. Оның әрдайым дамуына жағдай жасап отырыңыз.
**Тас** - бірқалыпты өмір сүруді жақсы көретін, жаныңызға жақын адамдарға барынша адал жансыз. Өмірдің ағысымен асықпай жылжудасыз. Кейде елеулі өзгерістер де болып тұрады. Өміріңізді жаңа жылдық от шашумен салыстыруға болады. Тыныштық, артынша жойқын жарылыс.
**Ағаштар** - сіз әрдайым өсу үстіндесіз. Ақылыңыз, күш-қайратыңыз, шығармашылық белсенділігіңіз күннен-күнге толысуда. Бір орында тұрмай, дамылсыз жылжу үстіндесіз. Бұл қасиетіңізге қызғанышпен қарайтын адамдар жетерлік.
**5. Қорытынды рефлексия «Мейірімділік алаңы» (жаттығу)**
Қатысушыларға түрлі түсті қағаздардан қиылған күннің шуақтары, гүлдер, жасыл шөптер таратылады. Гүлдерге - балаларға, жасыл шөптерге - ата-аналарға, күннің шауқтарына - ұстаздерға арналған кәсіби бағалар таңдауда ұсыныстар жазылады және де ақ ватманға бекітіледі.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1.Балабақша педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында жүйелі әдістемелік жұмыс жүргізілсін.

2.Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін бағалаудағы әдістемелік, жүйелік, жариялылықты сақтауды қамтамасыз ету.

3.Педагогтердің жеке шығармашылығын дамыту, педагогикалық инновацияларды қабылдауды, өзгеріп жатқан педагогикалық ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру.

Кеңес төрайымы: К.Кунходжаева

Хатшысы: З.Шорабекова

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасы**

**Педагогикалық кеңес**

**Хаттама № 4**

Арыс қаласы 25.05.2018жыл

2018 жылдың 25 мамыры күні ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының педагогикалық кеңесі болып өтті.

Қатысқандар: барлық педагогтар, медбике.

**Тақырыбы: Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театр түрлерін қолдану арқылы дамыту**

**Күн тәртібінде:**

1.№ 3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2.Театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту- Баяндамашы Құлман Г.
3. Тақырыптық бақылау қортындысы
4. Өз білімін көтеру бағыты бойынша есебі - Балғабаева С. «Ойын арқылы баланың дене және рухани жан дүниесін,ой-қиялын дамыту»
5.Педагогикалық кеңестің шешімдері

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Л.Кунходжаева мәлімдеме жасады.
ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» мемлекеттік бағадарламасында, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудың төмендегідей негізгі бағыттары белгіленген:
білім беру мазмұнын түбегейлі өзгерту;
мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
3 тілді оқыту негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында көптілділікті дамыту;
Отандық және шетелдік әдістемелер мен технологияларды зерделеу негізінде білім беру үдерісін технологиялармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында педагог кадрлардың білімін жетілдіру мәселесіне баса назар аудару қажеттігін айтты. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер біліктілікті арттыру мен педагог кәсіби шеберлігін арттыруды, яғни кәсіби құзыреттілігін дамыту қажеттілігін туғызды.

Білім берудің негізгі мақсаты - мемлекеттің, қоғамның, тұлғаның өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сәйкестік, өз еліміздің жан-жақты дамыған, қоғамға әлеуметтік бейімделуге, еңбек әрекетіне, өзін–өзі жетілдіруге, білім алуға қабілетті жеке тұлға әзірлеу. Еркін ойлай білетін, өз іс-әрекетінің нәтижесін болжай алатын, білім беру үдерісін моделдейтін педагог қойылған мақсатқа жетудің кепілі болып табылады.
2мәселе бойынша Құлман Г. баяндама жасады:
«Театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту» баяндамашы Құлман Г.

**3-мәселе бойынша әдіскер : тақырыптық бақылау барысында келесі нәтижелер байқалды:**

1. «Арман» тобында қарапайым сюжеттерді ойнауға, рөлдерді өз еркімен бөлуге қиналады. Рөлдерді бөлуді балалардың бәрі біле бермейді, олар ойынға жағаласып кетеді, ойнаушылар қарсы болмаса бірігіп ойнайды немесе олармен қатар ойнайды, бұл қыздарға қатысты. Ал ұлдар сюжеттік ойындарды өздігінен ойластыра алмайды, тек тәрбиешінің жетекшілігімен ғана әрекет жасайды. Тәрбиеші көмектессе рөлдерді орындайды, сюжетті өрбітеді. Бұл топта орын басушы заттар белсенді қолданылады. Балалар қызыға ойнайды, ойын кеңістігінде бағдар таба білуі жақсы. Балалар өздеріне бөлінген рөлдерге деген жауапкершілікті жақсы сезінеді. Бірақ педагогтың көмегінсіз ойын сюжеттері дамымайды, балалар бір ғана өздері қызығатын ойындық қызметпен айналысады.

2. Педагогтардың бәрі әр топта сюжеттік ойындар ұйымдастыру ерекшеліктерін игерген.. Сонымен қатар осы тақырыпта өткізілген консультациялар, ашық сабақтар, семинарлық сабақтардың да ықпалы бар. Біздің балабақшадағы педагогтар арасында үстел үстіндегі ойындар аса танымал және кеңінен қолданылады, сюжеттік-рөлдік ойындарды өз-өзімен қалған балалар ойнайды, тәрбиешілер бұл кезде өз істерімен айналысып, тәртіпті қадағалайды.

3. Топтарда ойындық жағдайлар жасалған бұрыштар шаштараз, дүкен, аурухана, тәрізді ойын аумақтары бар болғанмен, атрибуттар жеткіліксіз. Сол себептен рөлдік ойындарды ерекше құруға жағдай мен алуан түрлілік жоқ.

Мектепке дейінгі мерзімідік басылымдарда соңғы жарты жылда көптеген материалдар , ойынға деген жаңа теориялық көзқарастар, жан-жақты әзірлемелер басылды, соның негізінде тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған консультациялар , жайма – папкалар дайындалуы тиіс.

4.Ойындар барлық топтарда жүйелі түрде жоспарланады. Ойындардың саны, тақырыптық алуан түрлілігі, балалардың жас ерекшелігінің мақсат-міндеттеріне сәйкестігі педагогтармен орындалады.

5. Ата-аналармен байланыста ойындық қызмет проблемалары сирек талқыланады.

Қорытынды :

Педагогикалық ұжымның ойындық қызмет деңгейін және осы бағыттағы жұмыстарын орташа деп бағалауға болады. Ойын үшін жасалған жағдайлар да, педагогикалық кадрлардың даярлығы да, жоспарлау да, ата-аналармен қызметтестік те – бұлардың бәрі тереңдетілген жұмыстар мен ерекше назарды талап етеді.

Ұсыныстар :

1. Сюжеттік –рөлдік ойындарды ұйымдастыруда тәжірибе алмасу үшін өзара сабақтарға қатысу, басқа балабақшаларда өтілетін семинарларға қатысу, оқу қызметтерін көру.

2.Бос уақытта ойындар ұйымдастырудың теориялық базасын зерттеу .

3. Тәрбиелеудің жаңа сапасын қамтамасыз ететін ойындық қызметтің жағдайын жетілдіру.

4.Ата-аналарды МДМ-ң ойындық үдерісін ұйымдастыруға жұмылдыру.

2018 жылдың қаңтар мен ақпан аралығында топтарда денешынықтыру оқу қызметінің тиімділігін анықтау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді.

*1.*Сабақ мазмұны мен құрылымы

ҰОҚ сабақ кестесі мен тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Жоспарлау ұсынылған талаптарға сәйкес келеді. ҰОҚ топтарда жүргізіледі. Сабақ ұзақтылығы бағдарлама ұсыныстарына сәйкес. ҰОҚ құрылымы дәстүрлі: кіріспе, негізгі, қорытынды. Балалардың сыртқы келбеті талаптарға толықтай сәйкес келмейді. Ортаңғы және сәбилер тобының балаларының кейбіреуінде спорттық формалары жоқ. Тәрбиешілер сабақты өзі формасыз өткізеді. Кіріспе бөлім жалпы дамыту жаттығуларымен басталды. Бастапқы жағдай негізінен отырып, тұрып жүргізілді. Иық белдеуі, қол, дене бұлшықеттері, омыртқалардың қозғалысын, аяқ, мүсінді нығайту мен дамытуға арналған жаттығулар пайдаланылады. Күш бір қалыпты болуы үшін, олар әр түрлі пайдаланылды. Жаттығулар дене шынықтыру

құралдарын пайдаланбай жүргізіледі, Жалпы дамыту жаттығулары негізгі бөлімде пайдаланылды. Жаңа қимылдарды үйретті және үйренгендерін жетілдірді мен бекітті. Барлық педагогтар үйрету мен бекітуді үйлестіруді біледі. Барлығының негізгі бөлімі қозғалыс ойындармен және жүру, жүгіру, секіру сияқты бірнеше қозғалыстармен аяқталды.
Қорытынды бөлімде педагогтар көңілді көңіл-күйді сақтай отырып, күшті жеңілдетуге көшуді қамтамасыз етеді. Жалпы ұзақтығы әдістемелік ұсыныстарға сәйкес келеді.
Кейбір қателіктерге назар аудару қажет:
1.Ортаңғы топта бір аяқпен немесе екі аяқпен секіру болмады. Секіру аяқ және жамбас бұлшық еттерін нығайту үшін ең пайдалы, үйлестіруді дамытуға ықпал етеді. Жүгіру уақытын қатаң мөлшерлеу.
2. Әрбір сабақта кем дегенде 5 жүгіріп өту болуы қажет: орташа жылдамдықпен 2 , 3 баяу және аз жедел қарқынмен болуы тиіс. Қорытынды бөлімде баяу жүгіру кемінде 1,5 минут болуы тиіс. Баяу жүгіру жүруге жалғасады .
3.Барлық топтың педагогтары негізгі қимылдарды орындау түрлерін балаларға өздері таңдауды ұсынбады. Сондықтан да әрбір педагог мектепке дейінгі балалардың қимылдарды үйрену арқылы қозғалыс белсенділігін арттыратынын ескеру тиіс. Өз бетінше ойлау қабілеті және іс-әрекет жасауы баланың табиғи қабілеттерін әлеуетін іске асыруға , өздерінің денелерінің мүмкіндіктерін түсінуге мүмкіндік береді .
4.2 сәбилер тобының тәрбиешісі Балғабаева С.балаларды жақсы ұйымдастыруды бағдарлау керек.
5. Барлық топтың педагогтары жаттығуларды орындауға анық команданы беру керек , жаттығуларды бастапқы қалыптан бастап лауазымынан бастап жүзеге асыру. Қатарға тұрғызу бойынша жұмысты жалғастыру .
Ұсыныстар:
1.Сабақ бағдарлама материалын меңгеруді қамтамасыз етуге құрылуы тиіс,.
2.Жаттығуларды қатаң сақтау.
3. Қимылдарды, жаттығуларды орындау өмір бойы денсаулықты сақтауға ықпал ететінін балаларға түсіндіру.
4.Балаларды спорттық аяқ киім (чешка) мен формамен қамтамасыз ету мәселесі бойынша ата-аналармен жұмысты жалғастыру.
5.Дене шынықтыру сабақтарын өткізудің дәстүрлі емес түрлерін ойластыру және тәжірибеде қолдану. Мерзімі: 2018 жылдың мамырына дейін. Жауапты: әдіскер

4-мәселе бойынша 2-сәбилер тобының тәрбиешісі Балғабаева С. есеп берді

Тақырыбы: «Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту»
Мақсаты: Әр түрлі ойындарды ойната отырып, түрлі тапсырмалар бере отырып, балалардың қол машықтары, таным үрдістерін, белсенділігін арттыру.
Міндеттері:
1. Сабаққа деген белсенділігін арттыру
2. Ойын жүргізу арқылы қол машықтарын дамыту.
3. Оқу үрдісін ұйымдастыруда баланы тұлға етіп тәрбиелеу.
4. Балаларды өздігінен жұмыс істеуге, жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеу.Балабақша балаларының дамуына интелектуалды ойындарға дайындау және өткізу. Балалардың интелектуалды дамуына байланысты өтілетін ойындардың топтамасы:
1.Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар
2.Тапқыр дос
3.Кім тапқыр?
4.Дыбыспен ойын
Балабақша балаларының шығармашылық дамуына ойындар дайындап өткіздім.
Атап айтқанда:

1.Кішкентай шебер қолдар.
2.Ақпыз сары,қарамыз ағайынбыз бәріміз
3.Қуыршақ театры
4.Көрме жасау
Балалардың бос уақытында көңілдерін көтеруге арналған ойындар дайындап және өткіздім. Атап айтқанда,
1.Соқыр теке.
2.Айгөлек.
3.Дидактикалық ойындар
4.Музыкалық ойындар
6.Сюжеттік-рөлдік ойындар
7.Қимылды ойындар
8.Сабын мен көбік сумен
10.Қар мен мұзбен

**Шешім етеді:**

1. Сюжеттік –рөлдік ойындарды ұйымдастыруда тәжірибе алмасу үшін өзара сабақтарға қатысу, басқа балабақшаларда өтілетін семинарларға қатысу, оқу қызметтерін көру.
2.Ата-аналарды МДМ-ң ойындық үдерісін ұйымдастыруға жұмылдыру.
3.Жаттығуларды қатаң сақтау.
4.Балаларды спорттық аяқ киім (чешка) мен формамен қамтамасыз ету мәселесі бойынша ата-аналармен жұмысты жалғастыру.
5.Дене шынықтыру сабақтарын өткізудің дәстүрлі емес түрлерін ойластыру және тәжірибеде қолдану.
6. Тәрбиешілер педагогикалық жұмыстарын мақсатты түрде жүргізсін.
- конкурстарға қатысу, газет, журналдарға мақалаларын жариялау.
- білім көтеру курстарынан өту
7.Педагог портфолиосын дайындап, тақырып бойынша өзін-өзі дамыту жұмыстары тиянақты жүргізілсін

Кеңес төрайымы: К.Кунходжаева

Хатшысы: З.Шорабекова

**ЖШС«Күншуақ» балалар бақшасының**
**Педагогикалық кеңестің**
**№1 хаттамасы**

**Арыс қаласы** **Мерзімі: 28.08.2018 ж**
**Қатысқандар: 6**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту туралы.
4. Тәрбиеші қандай болуға тиіс.
6. Түрлі мәселелер.

**1. Тыңдалды**: Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйледі. Ол педагог қызметкерлерді 2018-2019 жаңа оқу жылымен және 30 тамыз Конституция күнімен құттықтады. Жаңа оқу жылында жаңа ізденістер, шығармашылық табыстар тіледі. Сонымен қатар, қызметкерлерді балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды. Меңгеруші әрбір топтық ұйымдастырылған.Оқу қызметінің кестесін әр топтың күн тәртібін бекітіп берді. Келесі мәселе тәрбиешілердің оқу тәрбие процессінің құжаттарын бекіту туралы. Тәрбиешілер жаңа оқу жылына қаншалықты дайын деген сұраққа барлығы дайынбыз деп жауап берді. Балалардың мекен жайы мен ата аналары туралы мағлұмат дәптерлерінде көбінесе ата аналардың телефондары жазылмай қалып қойып жатады, деді меңгеруші. Сондықтан,балабақша әкімшілігіне кез келген уақытта ата аналардың телефондары мен мекен жайлары керек болып жататынын айтты, сондықтан барлық мәліметтерді алдырып қою керектігін тапсырды.
**2.Тыңдалды:** Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйледі.Ол өз сөзінде балабақша топтарының 2018-2019 жаңа оқу жылына дайындығы қандай. Барлық топтардың 5 білім саласы бойынша дамыту орталықтары безендірілуі керек екендігін айтып, Әр бір тәрбиеші өз топтарын талапқа сай етіп, стандарт ережесі бойынша безендіріу керек екендігін тапсырды.Балабақша әдіскері Шорабекова З. Бала бақша тәрбиешілері «Тәрбиеші» даген атына сай болуы керек, яғни бала тәрбиешіге қарап тәрбие алады деп айтып өтті.
**8.Тыңдалды:** Түрлі мәселелер бойынша, әдіскер З.Шорабекова тәрбиешілердің сыртқы формасы жайлы сөз қозғады. Сонымен қатар тәрбиешілерге өз топтарындағы балалардың ата аналарына айтып,әр балаға файл папка алдырыңыздар.Файл папка әр баланың шығармашылық жеке жұмыстары сақталып қояды , деген секілді түрлі мәселелер айтылды .

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін.Тәрбиешілердің жоспарлары мен күн тәртібі бекітілсін.
2. топ тәрбиешілеріне қанағаттанарлық деген баға берілсін.

**Кеңес төрайымы Б/б меңгерушісі:** **К.Кунходжаева**
**Хатшы:** **Л.Кунходжаева**

**ЖШС«Күншуақ» балалар бақшасының**
**Педагогикалық кеңестің**
**№2 хаттамасы**

**Арыс қаласы** **Мерзімі: 13. 11.2018 ж**
**Қатысқандар: 6**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы туралы.
3. Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы (баяндама)

**1.Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.
Балабақшаның жылдық жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі және тәрбиешілердің жоспары мен балабақшаның тәртібі бекітілді.
**2.Тыңдалды:** Балабақша әдіскері З.Шорабекова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде белгіленген іс шараны орындау мақсатында «Бақылау және басшылық» бөлімі бойынша салыстырмалы тексеру болып өтті. Тексерудің мақсаты-балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту.
Талдау нәтижесі: Тәрбиешінің оқу қызметіне дайындығы жақсы. Бірақ көрнекіліктері аз. Көрнекіліктер баланың танымдық әрекеттеріне сай. Тіл дамыту оқу қызметінде түрлі көрнекіліктер: түрлі – түсті картиналар пазлдар қолдану керек.
**3.Тыңдалды:** Балабақша тәрбиешісі Шорабекова Ж. баяндама оқыды. «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» Қазақ әдебиетінде халық мұрасы ерекше орын алады.Белгілі ұстаз ғалым М.Ғабдуллиннің мақал-мәтел жөнінде қай мақалды алсақ та оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады. Мақал соларға берілген даналық, қорытынды тұжырымды түйін болып отырады.Халық ауыз әдебиеті бала тәрбиесінде маңызы зор, берер тәрбиесі көп.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Бақылау және басшылық салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылсын.
3. Баяндама бекітілсін.

**Кеңес төрағасы:** **К.Кунходжаева**
**Хатшы:** **Л.Кунходжаева**

**ЖШС«Күншуақ» балалар бақшасының**
**Педагогикалық кеңестің**
**№3 хаттамасы**

**Арыс қаласы** **Мерзімі: 24.01.2019 ж**
**Қатысқандар: 6**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер.**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
3. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау» медбике есебі
4. Көрменің қорытындысы.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйледі.Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.Бақылау және басшылық, салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылды.Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы атты баяндама бекітілді деді меңгеруші.
3.Тыңдалды: Балбақша медбикесі Музапбар Э. сөз алды.Ол өз сөзінде Балалардың дене дамуының дене көрсеткіштерінің сараптау, мөлшерлі салмақ қосуы бойының өсуі және статистикалық қасиеттерін сондай-ақ,сезім және психикалық қызметінің дамуы дәрігерлік бақылау кезінде өлшеніп,бағаланатын процесстер міне осылар.
Мектепке дейінгі мекеменің 3 жастан және онан ересек балаларды 3 айда 1 өлшеу өткізіледі. Екіге және үшке аяқ басқан балаларға тоқсан сайын үштен асқан балаларға-жарты жыл сайын өткізу керек. Қарау кезінде дәрігер баланың денесі өсуін нерв психикалық дамуын және денсаулығын мөлшерлейді.Бұдан бұрыңғы караудан кейін қандай өзгерістер болғанын байқайды.
Жас бала тез салмақ қосып,жедел өседі.Баланың организімі сыртқы ортаның қандай болсын өзгерісін сезим келеді.
4.Тыңдалды:Балабақша әдіскері Л.Кунходжаева сөз алды.Ол өз сөзінде «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме болғанын, және оны тәрбиешілер жақсы ұйымдастырған. Көрмеге келген көрермен ата аналардың көңілдерінен жақсы шыққанын айтты

**Жиналыс қаулы етеді**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
3. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау» медбике есебі
4. Көрменің қорытындысы.

Кеңес төрағасы: К.Кунходжаева
Хатшы: Л.Кунходжаева

**ЖШС«Күншуақ» балалар бақшасының**
**Педагогикалық кеңестің**
**№4 хаттамасы**

**Арыс қаласы** **Мерзімі: 27.05.2019 ж**
**Қатысқандар: 6**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер.**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Жан-жақты тексеру.
3. Баяндама : «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері».

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.Бақылау және басшылық бөлімінде жан - жақты тексеру болып өтті.Тәрбиешілерге жақсы деп бағаланды. Балабақшаның медбикесі балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптап есеп беріп өтті.Балабақшада көрме ұйымдастырылып,тәрбиешілерге өте жақсы деген баға қойылды.
2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Ол өз сөзінде «Балалардың танымдық іс әрекетін жандандыру» тақырыбында барлық топта болып өтті.Тәрбиешілер балаларға таным саласы үшбұрыш, төртбұрыш,санамақ сияқты әдіс тәсіл түрлерімен жандандырып өткен.Сонымен ортаңғы топ тәрбиешісі Балғабаева С. балаларға танымдық қызметінде жандандыруда түрлі әдістер қолданған.Кемшіліктерде жоқ емес, көрнекіліктің сапасы төмен деңгейде.Ал ересек топ тәрбиешілері Махамбетова М. ұйымдастырылған оқу қызметі толықтай енбеген. Көрнекіліктер әр балаға сай жасалған.
3.Тыңдалды: «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері» атты баяндаманы ортаңғы топ тәрбиешісі оқыды.Ол өз сөзінде Дене тәрбиесі бөлімінде өзіміздің ұлттық ойындар мысалы,аркан тартыс,тоғыз құмалақ,асық,қыз қуу,көкпар ойынын кіргізуге немесе күннің екінші жартысында ойнату керек, деді. Біз бұл ұлттық ойындар арқылы ұлтымыздың ежелден ақ бала денсаулығына көңіл бөліп, қолға алғанын білеміз.

**Жиналыс қаулы етеді**:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалды.
2. Бақылау және басшылық.Жан жақты тексеру бойынша тәрбиешілерге жақсыдеген баға берілсін.
3. «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері атты баяндаманың бір данасы хаттамаға тігілсін.

Кеңес төрайымы төрағасы: К.Кунходжаева
Хатшы: Л.Кунходжаева

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының педагогикалық кеңесінің хаттамасы. №1**

**Арыс қаласы** **28.08.2019ж**

Қатысқаны: 6 педагог
Қатпаған: жоқ

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**

1. 2019-2020 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту, және күн тәртібін ұйымдастырылған оқу қызметі кестесін бекіту.
2. Балаларды жас ерекшелігіне қарай жинақтап, топтарға тәрбиешілерді бекіту.
3. Жазғы шынықтыру - сауықтыру шараларының нәтижесі.

**1.Тыңдалды**:Б/б меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Ол өз сөзінде балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне тоқталды.Жылдық жоспардың басты міндеті етіп,екі саланы алдық:
«Денсаулық»білім саласы
«Қатынас» білім саласы
Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі білім ошағында беріледі.Сондықтан,мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру стандартында оқу қызметтері түзіліп бекітіледі тәрбиешілердің оқу қызметінің қалай түзілгенін тексеріп, жеке жеке бекітіп берді.
**2.Тыңдалды**.Балабақша әдіскер балаларды жас ерекшеліктеріне қарай тәрбиешілермен бірлесе отырып топтарға бөлгендігін, топтарға тәрбиешілерді бекітілгендігі жөнінде таныстырды. «Бейбарыс» тобына; Балғабаева С; Габидулина Г. «Арман» тобына; Маханбетова М. З.Шорабекова
Сөз сөйлегендер: Тәрбиеші Габидулина Г. Өзінің «Бейбарыс» тобына тәрбиеші болып бекітілгеніне қарсылығы жоқ екенін айтты.
**3.Тыңдалды**. Медбике Танашова Ақмарал өз алып былай деді. Жаз айында балалардың денсаулығын нығайту шараларына тоқталды. Дене шынықтыру балалардың бойында салауатты өмір сүруге, күнделікті физикалық жаттығулар жасауға, спортқа деген қызығушылығын арттыру мен ойнау, ойлау қабілетін дамытады,соның негізінде тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастырды. Сауықтыру шаралары жас баланың ағзасы мен ішкі құрылысының жұмысын жақсартуға және аурулардың алдын алуға,дұрыс бой бітімін қалыптастыруға тиісті септігін тигізеді. Жаз айында түрлі түрлі сауықтыру шараларын ұйымдастыру үстіндеміз.Ұйқыдан тұрғанда салқын шүберекке аяқтарын басу арқылы бойларын жазу, тұзды сумен үстерін ысқалау, салқын сумен үстерін сүрту т.б жұмыстарды атқардық деді.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. 2019-2020 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары, күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі бекітілсін.
2. Балалардың жас ерекшелігіне қарай, тәрбиешілер топтарға бекітілсін.
3. Жазғы шынықтыру - сауықтыру шараларының нәтижесі жақсы деп бағалансын.

**Төрайымы балабақша меңгерушісі: К.Кунходжаева**
**Хатшы: З.Шорабекова**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының**
**педагогикалық кеңесінің хаттамасы №2**

**Арыс қаласы** **26.12.2019ж**

Қатысқаны: 6 педагог

**Күн тәртібі**

**Тақырыбы: Балалар шығармашылығы және жаңа технологиялар**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу» (баяндама)
3. Бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарын байланыстыра отырып жүргізудегі пайдаланатын көрнекіліктер көрмесі.

**1.Тыңдалды:**Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайында сөз қозғады.Балалардың сөздік қорлары мен тіл дамыту жұмыстарының орындалуы жөнінде тәрбиешілерден мәлімет алды.Тіл дамыту жұмыстарына дайындаған көрме жұмыстарының әр топта сақталуын талап етті.

**2.Тыңдалды:**Балабақша тәрбиешісі Құлман Г. сөз алды. «Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу» тақырыбында баяндама оқыды.Өскелең жас ұрпақты рухани адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланды. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде жұмысты ұтымды ұйымдастыру кезінде ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Халқымыздың бойында құнарлы әдебиеті арқылы ата бабамыз қалдырған мұраларға сүйене отырып балдырғандардың еңбекке, өнер білімге деген құштарлығын арттырып, салт дәстүр мен әдет ғұрыпты біліп өсуіне, рухани адамгершілікке қасиеттерге баули аламыз. Балаларды халықтың салт дәстүрлері негізінде тәрбиеленумен бірге олардың шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыруда халқымыздың қол өнерінің алар орны ерекше.

Сөз алғандар.Балабақша әдіскер З.Шорабекова сөз алды.Баяндама жақсы оқылды.Жас ұрпаққа берілетін тағлымы мол өнер қолөнер қылқалам құндыларын көріп,көңілдеріне тоқып,зерделі жүрсек, әрқашанда үлкен жеңістікке жетер едік.

**3.Тыңдалды:**Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде мысалы, көркем әдебиет, мүсіндеу, жапсыру, сурет салу сабақтарында балалардың ақыл ойына, түсінігіне, талғамына ерекше мән бере отырып, карталар бойынша диалог, әңгіме құрдырып,баланың тілдік құзіреттілік пен шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамытуға болады.Балабақшада кеңінен қолданылатын бейнелеу өнері бойынша суреттерді түрлі түске

бояу.Ал басқа жапсыру, жұлмалау әдісі,оригами құрастыру деген түрлі 4-5 жасынан басталады.Сонда да біздің тәрбиешілеріміз көбінесе суреттерді боятумен шектеліп қалады.Ал бейнелеудің басқа түрлері жұлмалау ,жапсыру,жіппен траферат пен қайшымен жұмыс істеу қалыс қалады. Баланың ақыл ойымен ұшқыр қиялын дамытуға осы аталған бейнелеу өнерінің әдіс-тәсілдерін ұйымдастыратын оқу іс-әрекет процесі кезінде үйретулері қажет екенін айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Бейнелеу мен тіл дамыту жұмыстарын байланыстырып, тәрбиешілер өз тәжірибелерімен байланыс жасасын.
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі барысында тәрбиешілер бір-бірімен пікір алмассын.

**Төрайымы балабақша меңгерушісі:** **К.Кунходжаева**
**Хатшы:** **З.Шорабекова**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының педагогикалық кеңесінің хаттамасы. №3**

**Арыс қаласы** **28.02.2020ж**

Қатысқаны: 6 педагог

Қатпаған: жоқ

**Күн тәртібі**

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Сау дене қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысандарын ұйымдастырудың сапасы
3. Танымдық қабілетті дамыту жұмыстары бойынша тақырыптық тексерудің қорытындысы
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау

1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Өткен кеңес шешімдерінің іске асырылуы жайында сөз қозғады. Тәрбиешілер атқарылып жатқан жұмыстар жайында талдау жүргізіп, есептерін берді.
2. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Ол сау дене қалыптастыруға арналған ұйымдастыру сапасы жөнінде сөз қозғады. Баланың өз денсаулығын сақтаудың қарапайым амалдарына үйрету. Баланы өзі қандай да бір сырқаттанып немесе науқастанып тұрғанын байқаса үлкендерден көмек сұрауға үйрету. Көшеде жаяу жүргінші ретінде қауіпсіздік дағдыларымен таныстыру. Тәрбиешінің нұсқауына сәйкес баланың кеңістікте тепе-теңдікті сақтай отырып, өзіне таныс қимыл, қозғалыстарды жеңіл әрі емін-еркін ырғақпен орындауын қалыптастыру.
   Сөз алғандар. Балабақша мейірбикесі сөз алды. Тәрбиешілер өз оқу іс-әрекетінде балалардың түрлі жаттығуларды өз бетінше орындауындауына мүмкіндіктер беру керек. Өз денсаулығын сақтауға мүмкіндік туғызатын қарапайым Б/б меңгерушісі Бұралқиева.Г сөз алды. Мінез-құлықты қалыптастыру. Тазалық пен ұқыптылыққа талпынсын дамыту, бұйымдарды қолдануда реттілікті сақтауға дағдыландыру.
3. Тыңдалды Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Танымдық қабілетті дамыту жұмыстары бойынша тақырыптық тексерудің қорытындысы туралы ойын ортаға салды.Баланың танымын дамытуда алғашқы күнінен бастап дамыту құралы да болады. Оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да ойын әрекеті болып саналады. Ойын-таным пройесін дамытудың негізіболғандықтан әрбір тәрбиеші-ұстаз оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерін толықтырып отыруы керек. Ойын арқылы ғана дамыған бала алғаш тәрбиені тез меңгеріп,өзінің психологиясын жан-жақты

жетілдіріп, мінез-құлқын,ерік-жігерін,қабілетін дамытып,дүниетанымын кеңейтіп,оқытудың мазмұнына қызығушылықпен қарайды. Сабақта ойынды дұрыс қолдану үшін ұстазға ойындардың мазмұны мен өтілу әдістемесін жете білу қажеттігі айтылды. Балабақша тәрбиешісі Балғабаева С. сөз алды «Таным» саласы бойынша түрлі әрекеттер жүргізіледі: балаға қоғамдағы, түрлі мәдени саладағыкөптеген іс-әрекет түрлерін және материалдарды зерттеуге уақыт және мүмкіндік беру. Құрбы құрдастарын ойнауға шақыру (мұнара тұрғызуда кірпішті кезекпен әкелу). Баланы өз бетімен ересектердің көмегінсіз ойнау мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

4. Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Тәрбиешілердің ашық ұйымдастырлған оқу қызметіне еніп, ондағы жетістіктер мен кемшіліктеріне тоқталды. Тәрбиеші Маханбетова М. «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында көрсеткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде кірдім, уақытты үнемдей алмағандықтан, балалардың тынышы үзілмеді. 15 минут артық пайдаланды. Балалар шаршап, отыра алмады.Тәрбиешіге уақытты үнемдеуін ескертті.
Сөз алғандар. Балабақша әдіскері З.Шорабекова сөз алды. Бұл тәрбиешінің сабағы өте ұзаққа созылды, тәрбиеші өз ойын жинақтай алмай әбігерге түсті. Нәтижесінде балалар тыңдамай, шулап кетті. Сабағын әрең қорытындылады. ортаңғы топ тәрбиешісі Маханбетова М «Өрттен сақ бол» сабағына кірдім. Жан-жақты дайындықпен келген. Уақыттың тапшылығына қарамастан, мақсатына жетті деп ойлаймын. Аталған тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу қызметінде менде ендім. Екеуі де жақсы нәтиже көрсетті деп ойлаймын. Тәрбиешілер жан-жақты ізденген.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Сау дене қалыптастыруға арналған тиімді әрекеттер нысандарын ұйымдастырылсын
3. Танымдық қабілетті дамыту жұмыстары бойынша тақырыптық жинақтасын.

**Төрайымы балабақша меңгеруші: К.Кунходжаева**
**Хатшы: З.Шорабекова**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының**

**Педагогикалық кеңес хаттамасы**

**№1**

**Арыс қаласы** **Өткізілген уақыты:** 28.08.2020ж

**Түрі:**Zoom программасы арқылы

**Қатысқандар саны: 5**
**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

1.2020-2021 Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау
2.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы балабақшадағы топтарының жас кезеңдеріне сәйкес оқу қызметінің кестесін, күн тәртібін құру және бекіту

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:**

**1.Тыңдалды**:Балабақша меңгерушісі Кунходжаева К. жаңа оқу жылындағы бірінші педагогикалық кеңесті ашып берді. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап табыстар тіледі. Бақшамызды одан әрі дамытып, ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды.
«Күншуақ» балалар бақшасының 2020-2021 жылғы жоспарын бекіту туралы әдістер Шорабекова Зина жаңа оқу жылымен құттықтап баяндама жасады. Баяндамада жоспардың барлық бөлімі қамтылды және оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының мазмұнымен мақсат міндеттері түсіндірілді.

**2.Тыңдалды**. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы әдіскер Шорабекова Зина топ тәрбиешілеріне оқу құралдары кітаптармен көрнекіліктері болуын нақтылап айтты. Балабақша топтарының жас кезеңіне сәйкес оқу қызметінің кестесін, күн тәртібін бекіту туралы әдіскер З.Шорабекова балабақшадағы топтардың жас кезеңіне сәйкес оқу қызметінің кестелерін, күн тәртібін сәйкестендіріп бекітті.

**3.Тыңдалды**. «Күншуақ» балалар бақшасының 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту барысы талқыланып, бірінші кезекте топ тәрбиешілері анықталып, соған сәйкес топтар бөлінді.

**4.Тыңдалды**. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны» тәрбиеші Махамбетова М. баяндамасы тыңдалды.
Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар: топ

тәрбиеші Балғынбаева С. Ұйымдастырылған оқу қызметі қанша уақытқа созылу керегін нақтылап сұрады, тағы сол сияқты «Арман» тобының тәрбиешісі Маханбетова М. балабақша күн тәртібінде тәрбиешілердің циклограммасын түсінбеген тұстарын қалай толтыру керек екенін нақтылап сұрады.

Әдіскер Шорабекова З. 2020-2021 оқу жылында өткізілетін ертеңгіліктердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің күндерін бекітіп, іс-қағаздарымызға күнделікті өткізетін ұйымдастырылған оқу қызметіне өте мұқият болуымызды және соған сәйкес көрнекіліктер болуын талап етіп қатаң ескертті.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. «Күншуақ» балалар бақшасының 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.

2. Жаңа оқу жылына сәйкес жас ерекшеліктерін ескере отырып топ тәрбиешілері бекітілсін.

3.Жас ерекшелігіне сәйкес топтардың оқу қызметінің кестесі бекітілсін.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** **Кунходжаева К.**
**Хатшы:** **Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының**
**педагогикалық кеңесінің хаттамсы**

**№2**

**Арыс қаласы** **11 караша 2020ж**

**Түрі:**Zoom программасы арқылы
**Қатысқандар: 5**
**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

**1.**Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру.
**2.**Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының жүргізілу барысы
**3.**Карантиндік шараларды қатаң сақтау туралы

**1.Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі Кунходжаева К. педагогикалық кеңесті жалпы балабақшадағы оқу-тәбие процесінің жүргізілуі мен ата-аналардың балабақшаға көз қарастары туралы айтып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.Сөз сөйлеген.Тәрбиеші Маханбетова М. «Жапсыру» «Мүсіндеу» оқу қызметінде қолданылатын құралдармен балалардың қалай жұмыс жасайтындығын толық айтты.
**2.Тыңдалды**:Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша меңгеруші балабақшаның 2020-2021 оқу тәрбие жұмысының жүргізілу барысы онлайн түрде болатындығы айтылды. Ата –аналармен күнде ватсап арқылы байланыста болып, ана-аналардың ыңғайына қарай бір мезгіл балаларға тапсырма берілу керектігі жайлы айтылды..
**3.Тыңдалды:**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Еліміздегі эпидемилогиялық ақуалға байланысты сақтық шараларын жүргізу туралы, көшеге шыққанда міндетті түрде бет перде тағып, қолымызға антисептик сеуіп, адамдар көп шоғырланған жерге бармауы, сияқты сақтық шараларын сақтауы туралы талқыланды.
**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақтар мен ұсыныстар.**
Тәрбиешілер өз сұрақтарын қойып жауаптарын алды. Дәл осылай ұжым мүшелері өз ойларын ортаға салып керекті құралдарын эпидемиологиялық жағдайда қолданылатын құрал-жабдықтар, антисептиктер алсақ деген ойларын айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1.«Күншуақ» балалар бақшасының оқу-тәрбие жұмысының жүргізілу барысы қадағалансын.
2.Эпидемолгиялық ақуалға сақтық шаралары қатаң сақталсын.
3. Қызметкерге балалардың өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқама өткізілсін.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** **Кунходжаева К.**

**Хатшы:** **Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының педагогикалық кеңесінің хаттамасы**
**№3**

**Арыс қаласы** **10 Ақпан 2021ж**

**Қатысқандар: 5**
**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

**1.** Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру.
2.«Жапсыру», «Мүсіндеу» оқу қызметтерінде пайдаланылатын құрал жабдықтар сервировкасы мен оларды қолдану тәртібі.
3. Шығармашылық есеп «Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбек тәрбиесі»

**Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі Кунходжаева К. кезекті пед кеңесті ашып, балабақшада тәрбиеленуші балдардың қатысуы мен ата-аналардың көз-карасы туралы айтып одан әрі дамытып, ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша өткен пед кеңестің шешімінің орындалуына тоқталды.Білім беру жүйесінде жаңа технологияны қолдану арқылы келешек ұрпақтың еркін дамуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті. Ата-аналар балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.Ата-аналар балаларды ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбиелеуде жүргізіп жатқан іс-шараларды қолдап өздерінің алған жақсы сезімдерін білдіріп отырады. «Тәй-тәй» технологиясы негізінде жүгізілген жұмыстар арқылы оқу-тәрбие үрдісін балалар, ата-аналар және педагогтар үшін тиімді етіп ұйымдастыру мүмкіндігін алып отырмыз. «Бейбарыс» тобының тәрбиешісі Балғабаева С. балалармен жұмыс жасау барысында мнемокестені қолданды.Енді осы технологияны терең меңгеріп, оқу қызметі процесінде қолдануды дағдыға айналдырады деп сенеміз.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Маханбетова М. баяндамасы тыңдалды. «Жапсыру» және «Мүсіндеу» оқу қызметтерінде пайдаланылатын құрал-жабдықтар сервировкасы мен оларды қолдану тәртібі туралы төмендегідей мағұлмат берді. Жапсыру жұмысында балалар пішіндермен танысады. Олар пішіндермен зат құрастыруды үйренеді.Балалар дайын пішіндерді орналастыру арқылы үйшік машина, мұнара, аққала құрастыруды үйренеді. Содан соң балалар тік төртбұрыштың ұшын қайшымен бір басын қию әдісі арқылы шарлар,шырша шамдары, жаңғақтар

қидырылып желіммен қағаз бетін бағдарлап ортасына желімдеп жапсыру әдістері үйретіледі. 3 жастан 4жас аралығында бала қолына қайшы ұстауды үйренуі қажет. Пішіндер мен өрнектерді орналастыруда қағаздардың түс үйлесімділігіне мұқият зейін аударылады. Балдырғандарға мүсіндеу жұмысын үйрету әдістері. Ермек саздан мүсін жасау балалардың сүйікті жұмысы бірақ, мүсінді қалай жасау керек екендігін ересек адамдар үйретеді. 3 жас аралығында сазбалшықтан арасына дөңгелету әдісімен доптар, шарлар, күлшелер жасау үйретіледі. 3 жас пен 4жас аралығында саз балшықтан жасаған дөңгелектерді алақан арасына езу арқылы шұжықтарды тесік бөлшектерге табақтарды жасау ұсынылады. 4 -5жас арығында ермек саз қолданылады. Сонымен бірге сылау, таңбалау әдісін қолдану үйретіледі.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақтар мен ұсыныстар.**

Күн тәртібіндегі баяндамалар бойынша тәрбиешілер сұрақтарын қойып жауаптарын ала алды. Ұжым мүшелері алдағы уақытта өз білімдерін көтеруде түрлі курстарға қатысуға ұсыныс білдірді. «Жапсыру», «Мүсіндеу» оқу қызметінде пайдаланылатын құралдардың қол жетімді және қауіпсіз болуын қатаң ескертті.

**Жиналыс қаулы етеді:**

**1** Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беруі қанағаттанарлық.
2.Шығармашылық оқу қызметтерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәжірибелерді қолдануды одан әрі арттырсын.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:** **Кунходжаева К.**
**Хатшы:** **Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының**
**Педагогикалық кеңес хаттамасы**
**№4**

**Арыс қаласы** **Өткізілген уақыты**: 25.05.2021ж
**Түрі**:дәстүрлі (тұрақтандыру)
**Қатысқандар саны:5**
**Қатыспағандар: жоқ**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. №3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау.
2. Оқу процесінің жылдык қорытындысы
3. Тәрбиешілер мен педагогтардың жылдык жұмысы.
4. Жазғы сауықтыру шынықтыру жоспарымен бекіту.

**1.Тыңдалы:** Балабақша меңгеруші Кунходжаева К. педагогикалык кеңесті ашып берді.Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауга шакырды. Одан әрі карай балабақшаның әдіскеріне сөз кезегі берілді.
Балабақша әдіскері Шорабекова З. өткен педагогикалык кеңестің шешімінің орындалғанына есеп берді. Өткен педагогикалық кеңестің шешімі бойынша тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын технологиясын колданып жүргенін баяндады
**2.Тыңдалды:** Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды.Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.
**3.Тыңдалды**.Балабақша әдіскері және тәрбиешілері балабақшаның 2020-2021 оқу жылындағы жылдық есебін баяндады. Жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар өткізілген ертеңгіліктер, жиналыстар, ата- аналармен жұмыстар оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндатып қағаз жүзінде өткізілді.Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жылдық есептерін қағаз жүзінде өткізді.
**4.Тыңдалды:**Балабақша меңгеруші ұжым мүшелері жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспарын талқылап өз ойларын ортаға салды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтарын қойып жауаптарын алды.
Ұжым мүшелері өз ойларын ортаға сала отырып,керекті құралдарын атап айтканда жазғы сауықтыру-шыныктыру шараларына байланысты балалар алаңына жаңа спорттык ойыншықтар алсақ деген ойларын айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысының жылдык есептері қабылданып бекітілсін.
2. «Күншуақ» балалар бақшасының жазғы сауықтыру-шыныктыру шараларының жоспары бекітілсін.
3. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен спорттық іс-шараларды өткізу уақытының кестесі бекітілсін.

**Педагогикалық кеңес төрағасы:** **Кунходжаева К.**

**Хатшы:** **Шорабекова З.**

**«Күншуақ» балабақшасында өткізілген**
**Педагогикалық кеңесінің**
**Хаттамасы №1**

**Арыс қаласы** **27.08.2021ж**

**Қатысқаны - 6**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**

1. ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен 1 қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу- тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту
2. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы.

**1.Тыңдалды.** Балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева сөз алып,балабақша педагогтарын жаңа оқу жылымен құтықтады. Келесі кезекте балабақша әдіскері Шорабекова Зина сөз алып: ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен 1 қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша таныстырып өтті.Ұжым педагогтарына жалпы балабақшаның жылдық жоспарындағы 2021 – 2022 оқу жылындағы алынған мақсаттарымен таныстырды. Ол жаңа оқу жылының ашық оқу қызметтері жоспарларымен таныстырып, өзара талқылап, бүгінгі кеңесте бекітуге ұсынды. Меңгеруші жалпы оқу жоспары бойынша барлық топта перспективалық , мәдени гигиеналық іс шаралар (циклограммалық) жоспарларының толық жазылғанын тексеріп, 2021-2022 оқу жылына арналған оқу- тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін қарап шықты.
**2.Тыңдалды:** Келесі кезекте балабақша меңгерушісі К.Кунходжаева балабақшаның жалпы топтарының жаңа оқу жылына дайындығы барысына тоқталды. Онда топтардың жалпы жеңіл жөндеу жұмыстары өз деңгейінде жақсы жүргізілгеніне тоқталды. Жаңа оқу жылына дайындық барысындағы балабақша ішілік «алдын ала тексеру» барысында анық болған жағайларға тоқталды. «Арман» ересек тобы мен «Бейбарыс» ортаңғы тобындағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға қанағаттанарлық деп баға беріліп, әлі де ізденіспен жұмыс жасап, топтардың іші безендіріліп, баланың психикасымен рухани дүниесінің нығаюына ықпал жасау керектігін атап өтті.

**Педагогикалық кеңес қаулы етеді:**

1. 2021-2022 оқу жылының балабақша арналған жылдық жоспары бекітілсін

2. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу- тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін.

3. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы қанағаттанарлық деп баға берілсін.

**Педагогикалық кеңес төрағасы:** **К.Кунходжаева**

**Хатшы:** **Шорабекова З.**

**«Күншуақ» балабақшасында өткізілген**
**Педагогикалық кеңесінің**
**Хаттамасы №2**

**Арыс қаласы** **19.10.2021ж**

**Қатысқаны - 6**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**

1. Өткен педагогикалық кеңес нәтижелері туралы сараптама жүргізу.Жоғары деңгейде нәтиже көрсеткен педагогтарды марапаттау:
2. Көркем шығармалар арқылы баланың адамгершілік қасиетін таныту
3. Балаларды бейнелеу өнеріне үйретудің маңызы
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды**

Балабақша меңгерушісі Кунходжаева К. кезекті педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшамыздың шығармашылығын дамытып ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға щақырды. Өткен педагогикалық кеңес тапсырмаларын орындауда көрсеткен нәтижелеріне ризашылығын білдірді.
1. «Көркем шығармалар арқылы баланың адамгершілік қасиетін дамыту» тақырыбында балабақша тәрбиешісі Шорабекова Ж. таныстырып өз баяндамасын оқып берді. Жалпы баяндамада бала тәрбиесі үшін көркем шығарманың алатын орны ерекше.
2. «Балаларды бейнелеу өнеріне үйретудің маңызы» тақырыбындағы баяндама балабақша тәрбиешісі Мектепке дейінгі балалардың бейнелеу іс-әрекеттері әр түрлі шындық бейнелеу іс-әрекет түрлерініңғ (сурет салу, мүсіндеу, дизайн)өзара байланыс арқылы балалар қоршаған орта заттары мен біріктіру бейнелеу өнері мен дүниетану пәндерінің білімдері мен қазіргі таңда басты мәселелердің бірі-балалардың эстетикалық талғамын дамыту. Балабақшада бейнелеу өнері іс-әрекетінде эстетикалық тәрбие беруденбасқа бояулармен, карындаштармен, фломастермен сурет салуға ынталарын қолдау осы сияқты қыр сырын айтып түсіндірді.
3. Келесі кезекте балабақша әдіскері Шорабекова З. «Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы» тақырыбында баяндама жасады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту болып табылады. Баланы тәрбиелеу дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Қорыта келгенде педагогикалық кеңес соңында ұжым мүшелеріне арналған «Татулық-достық кілті» атты психологиялық тренинг өткізілді.
Мақсаты: ұжымы энергия беру, жағымды қарым-қатынас орнату, сезімдерін білдіру. Тренинг қызықты өтті, тәрбиешілер жағымды жақсы әсер алды.
**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар:**
Жалпы топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі және одан тыс қажеттілік бойынша қажетті керек –жарақтарын айтып шықты.
Дене шынықтыру оқу қызметіне байланысты жарға орнатылатын және тартылатын түрнектер балалардың жас ерекшелігіне байланысты орындықтар жасалып беру керек деген ұсыныстарын айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Көркем шығармалар арқылы баланың адамгершілік қасиетін дамыту жүйелерін енгізу.
2. Балаларды бейнелеу өнеріне баулудың маңыздылығын арттыру.
3. Денсаулық білім саласындаңы дене шынықтыру оқу қызметінде пайдаланатын көрнекіліктер толықтырылсын.

**Педагогикалық кеңес төрағасы:** **Кунходжаева К.**
**Хатшы:** **Шорабекова З.**

**«Күншуақ» балабақшасында өткізілген**
**Педагогикалық кеңесінің**
**Хаттамасы №3**

**Арыс қаласы** **28.12.2021ж**

**Қатысқаны - 6**

***Күн тәртібінде қаралатын мәселелер***

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру
2. Танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында белсенді оқу қызметтерін қалыптастыру
3. «Мектепке дейінгі балалардың оқу қызметіндегі ойынның технологиялық маңызы»

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:**

**1.Тыңдалды**. Балабақша әдіскері Шорабекова З. өткен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді. Өткен кеңестің шешімі бойынша тәрбиешілер «сюжеттік-рөлдік және дидактикалық» ойындарды ұйымдастырылған оқу қызметінде және күннің екінші жартысында қолданып жүргендерін айтты.

**2.Тыңдалды.«**Танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында белсенді оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру» деген тақырыпта балабақша тәрбиешісі Габидулина Г. өз баяндамасын оқып тәрбиешілермен пікірталасты. Баяндамада оқу қызметтерінде танымдық қызығушылықтарын дамыту түрлері қарастырылды.

**3.Тыңдалды**.«Мектепке дейінгі балалардың оқу қызметінде ойынның технологиялық» тақырыбында балабақша әдіскері баяндама жасап ұжым мүшелерімен бірге талдап пікір алмасты. Ойын технологиясы төзімділікті алғырлығы іскерлікті ұқыптылықты тапқырлықты ізденімпаздықты қалыптастыратын педагогикалық тиімді әдістерінің бірі.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар:**

Топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз сұрақтарын қойып жауаптарын алды.

Дәл осылай ұжым мүшелері өз ойларын ортаға сала отырып, балабақша ішінен табиғат бұрышындағы бөлме гүлдерін жас ерекшеліктеріне қарай көбейту керек  деген ой тастады.
Балаларға алдағы 22-наурыз мерекесіне байланысты қыздарға арналған қазақша көйлек тіктірсек деген ұсыныстар болды.
Меңгеруші алдағы өткізетін ертеңгіліктердің күндерін бекітіп, іс-қағаздарымызға, күнделікті өткізетін ұйымдастырылған оқу қызметтеріне өте мұқият  болуымызды ескертті.

**Педагогикалық кеңес  қаулы етеді:**

1. Танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында белсенді оқу қызметін қалыптастыру, оларды қолдану қадағалансын.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметіне ойын технологиясы қолданылсын.
3. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен апталық циклограммасы өз деңгейінде өткізілсін.

**Педагогикалық кеңес төрағасы:** Кунходжаева К.
**Хатшы:** Шорабекова З.

**«Күншуақ» балабақшасында өткізілген**
**Педагогикалық кеңесінің**

**Хаттамасы №4**

**Арыс қаласы**

**Қатысқаны 6** **27.05.2022жыл**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**

1.Оқу жылының есеп беру, қорытындылау
2.Жазғы сауықтыру – шынықтыру жоспарын бекіту.
3.Балалардың білім деңгейінің көрсеткіштерін талдау.

**1.Тыңдалды.** Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі С. Беркиншенова ашты. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуының есебін әдіскер Абдукаримова А. алды. Әдіскер жүктелген тапсырмалардың барлығы уақытында орындалғанын мәлімдеді.
Меңгеруші Беркиншенова С. Тәрбиешілердің жылдық құжаттарының дұрыстығын бағалап, есеп алды.
Жоспарлау мектепке дейінгі ұйым жұмысын жүйелі, тиімді жүргізу негізі болып табылады және сапалы жұмыс жасауды қамтамасыз етеді.

**2. Тыңдалды. Жазғы шынықтыру-сауықтыру шараларының жоспары мынадай бөлімдерден тұрады:**
1. Медициналық жұмыстар
2. Шынықтыру – сауықтыру шаралары
3. Ата-анамен жұмыс
4. Педагогикалық жұмыстар
5. Шаруашылық жұмыстары

**Медициналық жұмыстар мына бөлімдерді:**
Күнделікті ас мәзіріне дәрумендер қосуды қадағалау
Балалардың өмірі мен мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулардың орындалуы
Күнделікті санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы
Тамақтан уланудың алдын-алу шараларын нақтылау
Алдын-алу және сауықтыру жұмыстары
Санитарлық эпидемиологиялық нормаларды орындау
Салауатты өмір салтының маңызын түсіндіру

**Шынықтыру – сауықтыру шаралары мына бөлімдерді:**

Су ваннасын қабылдап түйетабанның алдын-алу, аяқтарға массаж жасау
Жуындырып кеуде, іш, арқа дене мүшелерін ысқылау
Ауа ваннасы
Дене шынықтыру оқу қызметін таза ауада өткізу
Қимылды ойындар өткізу арқылы қабылдау
Тыныс алу жаттығуларын таза ауада жасау

**Ата-анамен жұмыс мынадай бөлімдерді :**

Ата-аналарға жаз уақытында жарақаттанудың, уланудың алдын алуды болдырмау мақсатында кеңес беру

Ата-аналар бұрышы арқылы балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және шынықтыру жөнінде кеңес беру

Отбасында жеке бас гигиеналық тәрбиені қатаң сақтауға кеңес беру.

Жұқпалы ішек ауруларын болдырмау және басқа да өзекті мәселелер бойынша санитарлық бюллетень шығару

Мерекелік және спорттық эстафеталарға, отбасылық іс шараларға, сайыстарға қатыстыру

**Педагогикалық жұмыстар мынадай бөлімдерді:**

1. Жазғы маусымға көшу, жазғы оқу қызметінің жоспарларын жасау
2. Таңертең балаларды қабылдап, таңғы жаттығуларын ашық алаңда өткізу
3. Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары
4. Түрлі тақырыптағы ертеңгіліктер, сайыстар ұйымдастыруды қамтиды.

**Шаруашылық жұмыстарын жүргізу мына бөлімдерді:**

1. Балабақша ауласын көгалдандыру, гүлдер егу,аббаттандыру.
2. Барлық топтың құм салғыштарына құм салу
3. Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауын ұйымдастыру
4. Балалардың өмірін қорғау
5. Балабақша ішілік еңбек тәртібін нұсқауларының дұрыс жүргізілуін қадағалау.
6. Төтенше жағдайлар және өрттен сақтану нұсқауларын пысықтау

7. Тазалық, тамақтану, дезенфекция ережесін сақтау, күн тәртібін орындау жөнінде кезекші тәрбиешілердің есебі.

**3. Тыңдалды.** Әдіскер Абдукаримова А. балалардың білім деңгейінің көрсеткіштер жиынтығын тексеріп қабылдап алды.

**Педагогикалық кеңес төрағасы:** **Беркиншенова С.И.**

**Хатшы:** **Абдукаримова А.К.**